

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының заңы 1997 жылғы 13 маусымдағы N 124

1-бап. 1984 жылғы 22 наурызда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1984 ж., N 14 (қосымша); N 41, 534-құжат; 1985 ж.; N 19, 190, 191-құжаттар; N 32, 325-құжат; N 45, 457-құжат; N 49, 513-құжат; 1986 ж., N 13, 122-құжат; N 25, 242-құжат; N 31, 320-құжат; N 49, 506-құжат; 1987 ж., N 2, 19-құжат; N 16, 201-құжат; N 29, 356-құжат; N 32, 421-құжат; N 41, 503-құжат; N 49, 560-құжат; 1988 ж., N 35, 324-құжат; 1989 ж., N 16, 129-құжат; N 27, 208-құжат; N 45, 364-құжат; N 49, 444-құжат; N 50-51, 458-құжат; 1990 ж., N 12-13, 114-құжат; N 44, 410-құжат; N 48, 445-құжат; N 49, 461-құжат; 1991 ж., N 25, 318-құжат; N 26, 348-құжат; N 28, 373-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 96, 98, 100-құжаттар; N 13-14, 323-құжат; N 15, 380-құжат; N 16, 400-құжат; 1993 ж., N 3, 42-құжат; N 4, 70-құжат; N 8, 159, 161-құжаттар; N 9, 220, 222-құжаттар; N 20, 468, 469-құжаттар; 1994 ж., N 4-5, 60-құжат; N 8, 134-құжат; N 15, 207-құжат; N 21-22, 272-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; N 5, 41-құжат; N 8, 55-құжат; N 9-10, 64-құжат; N 15-16, 105-құжат; N 17-18, 110-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 177-құжат; N 14, 274, 277-құжаттар; N 15, 281-құжат; "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде 1997 жылғы 13 наурызда жарияланған "Қазақстан Республикасының еңбек мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер енгізу туралы" 1997 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 . 2 6 - б а п т а :

бірінші, екінші және төртінші бөліктерде "еңбекке ақы төлеудің ең төменгі айлық мөлшерлерінің" "ең төменгі жалақының" деген сөздер "ай сайынғы есеп айырысу көрсеткіштерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі қабылданғанға дейін еңбекке осы Кодекспен белгіленген ақы төлеудің ең төменгі айлық мөлшерінің (жалақының ең төменгі мөлшерінің) шамасына сәйкес сома түрінде салынатын айыппұл ақшалай өндіріп алу әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кездегі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген айлық есептеу көрсеткіші мөлшерін негізге ала отырып есептелсін"

2. 52-бапта ескерту мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескерту. Егер ұрланған мүліктің құны Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген айлық есепті көрсеткіштің он еселенген мөлшерінен аспаса, өзгенің мүлкін ұрлау ұсақ ұрлық деп танылады.

3. 185-4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

185-4-бап. Прокурордың заңды қызметіне кедергі жасау

Прокуратура органдарының қызметкерлерін қызмет куәлігін көрсетуі бойынша мемлекеттік органдардың меншіктің барлық нысандарындағы ұйымдардың аумақтарына немесе үй-жайына кіргізуден сондай-ақ қажетті құжаттарды, материалдарды, статистикалық және өзге де мәліметтерді табыс етуден, тексеру, тексеріс және сараптама жүргізуден, мамандар бөлуден бас тарту - азаматтарға - айлық есепті көрсеткішін беске дейін, лауазымды адамдарға онға дейін мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Лауазымды адамның Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өкілеттігінен туындайтын прокурордың ұйғарымдарын, қаулыларын, сондай-ақ жазбаша нұсқауларын орындамау -

лауазымды адамдарға - айлық есепті көрсеткіштің он мөлшеріне дейін айыппұл салуға әкеп соғады.

Лауазымды адамдар мен азаматтардың айғақ беру үшін прокурордың шақыруы бойынша келмеуі, сол сияқты айғақ беруден бас тартуы немесе жалған айғақ беруі - азаматтарға - айлық есепті көрсеткіштің үш лауазымды адамдарға он мөлшеріне дейін айыппұл салуға әкеп соғады.

Бірінші, екінші және үшінші бөліктерде көзделген тәртіп бұзушылықтардың біреуі үшін бір жыл ішінде әкімшілік жазаға тартылған адам жасалған дәл сол іс-әрекет - он бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады"

4. Мынадай мазмұндағы 185-5-баппен толықтырылсын:

"185-5-бап. Соттың үкімін, соттың шешімін немесе өзге де сот актілерін орындамау

Азаматтардың немесе мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының, сондай-ақ меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың заңды күшіне енген сот үкімінің, сот шешімінің немесе өзге де сот актісінің негізінде берілген атқару құжатының талаптарын өз еркімен орындаудан жалтаруы - азаматтарға заңда белгіленген айлық есепті көрсеткіштің он, ал лауазымды тұлғаларға жиырма мөлшеріне дейін айыппұл салуға әкеп соғады.

5. 207-бап мынадай мазмұндағы 7)-тармақшамен толықтырылсын:

"7) салық қызметі және салық полициясы органдары."

6. 213-бапта "168-173" деген цифрлар "168, 170-2, 170-3, 171-173" деген цифрлармен ауыстырылсын.

7. 216-бап "188-5" деген цифрлардан кейін "188-8" деген цифрлармен толықтырылсын;

8. 237-7-бап мынадай редакцияда жазылсын:
"237-7-бап. Салық қызметі және салық полициясы органдары

Салық қызметі және салық полициясы органдары 165, 165-1, 169, 169-1, 169-3, 170, 170-1 баптарда көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

Республикалық, облыстық, қалалық және аудандық салық қызметтері мен салық полицияларының бастықтары, олардың орынбасарлары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік айыппұл салуға құқылы".

9. 248-1 баптың бірінші бөлігінің 4-тармағы "185-5" деген цифрмен толықтырылсын.

10. 256-баптың үшінші бөлігінде "ұсақ саудагерлікті" деген сөздер "салықтық құқық бұзушылық" деген сөздермен ауыстырылсын; "ішкі істер органының" деген сөздерден кейін "салық қызметі және салық полициясы органының" деген сөздермен толықтырылсын.

11. 288-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"аудандық (қалалық) соттардың әкімшілік құқық бұзушылық туралы істері жөніндегі судьясының осы Кодекстің 52, 148, 157, 164, 164-2, 167, 168-1, 168-2, 168-3, 168-4, 168-5, 169-2, 170-1, 170-3, 170-4, 174-баптарында, 173-баптың үшінші бөлігінде, 185-186, 188-1, 188-4-баптарында көзделген қаулысының күшін прокурордың наразылығы бойынша судьяның өзі, сондай-ақ прокурордың наразылығы болуына қарамастан жоғары тұрған сот жоюы немесе өзгертуі мүмкін".

2-бап. 1963 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақ КСР Заңымен бекітілген Қазақ КСР-інің Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен Үкіметінің Жаршысы, 1964 ж., N 2, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1985 ж., N 19, 192, 193-құжаттар) мынадай өзгеріс енгізілсін:

394 - б а п а л ы п т а с т а л с ы н .

3-бап. "Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне толықтырулар мен өзгертулер енгізу жөніндегі және Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген айыппұл мөлшерін қайта есептеу тәртібі жайындағы" 1993 жылғы 28 қазандағы Қазақстан Республикасы Заңында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 20, 468-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

II-бөлімнің үшінші - он төртінші абзацтарында "ең төмен жалақы мөлшерінің", "ең төмен ... жалақының мөлшеріне" "ең төмен ... жалақы мөлшерінен" деген сөздер тиісінше "айлық есепті көрсеткіштің", "айлық есепті көрсеткішке", "айлық есепті көрсеткіштен" деген сөздермен ауыстырылсын.

бесінші абзацта "ең төменгі жалақы мөлшерінің" деген сөздер "айлық есепті көрсеткіштің" деген сөздермен ауыстырылсын.

алтыншы - он төртінші абзацтарда "ең төмен жалақыға" деген сөздер "айлық есепті көрсеткішке" деген сөздермен ауыстырылсын.

сегізінші - он төртінші абзацтарда "ең төменгі жалақы мөлшерінен" деген сөздер "айлық есепті көрсеткіштерден" деген сөздермен ауыстырылсын.

4-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1995 жылғы 12 мамырдағы Заң күші бар N 2282 U952282_ Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 8, 55-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

II бөлімде "ең төменгі жалақының" деген сөздер "айлық есепті көрсеткіштің" деген сөздермен ауыстырылсын.

5-бап. 1959 жылғы 22 шілдедегі Қазақ КСР Заңымен бекітілген Қазақ КСР-інің Қылмыстық кодексіне (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен Үкіметінің Жаршысы, 1959 ж., N 22-23, 177-құжат; Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1987 ж., N 6, 66-құжат; N 11, 120-құжат; N 18, 228-құжат; N 29, 356-құжат; N 32, 421-құжат; N 35, 445, 446-құжаттар; N 41, 504-құжат; N 43, 521-құжат; N 45, 542-құжат; 1988 ж., N 15, 149-құжат; N 16, 159-құжат; N 22, 229-құжат; N 35, 324-құжат; 1989 ж., N 16, 127-құжат; N 28, 212-құжат; N 37, 297-құжат; N 45, 364-құжат; 1990 ж., N 12-13, 114-құжат; N 22, 272-құжат; N 44, 410-құжат; N 48, 445-құжат; N 49, 461-құжат; 1991 ж., N 25, 318-құжат; N 26, 348-құжат; N 28, 373-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 96-құжат; N 13-14, 323-құжат; N 15, 380-құжат; 1993 ж., N 17, 402, 405-құжаттар; N 20, 469-құжат; 1994 ж., N 15, 207-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; N 5, 41, 42-құжаттар; N 8, 55-құжат; N 9-10, 64-құжат; N 12, 83-құжат; 1997 жылғы 13 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне еңбек мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" 1997 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 7-1-баптағы "214, үшінші және төртінші бөлік" деген сөздер "217, үшінші, төртінші және бесінші бөлік" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 13-баптың үшінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын: "Мұндай асыра қолдану тек қасақана зиян келтірілген жағдайда ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады."

3. Мынадай мазмұндағы 13-1-баппен толықтырылсын:

"13-1-бап. Қылмыс жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру

Егер қылмыс жасаған адамды өзге құралдармен ұстау мүмкін болмаса және осы орайда бұл үшін қажет шараларды асыра қолдануға жол берілмесе, ондай адамды мемлекеттік органдарға жеткізу және оның жаңа қылмыстар жасау мүмкіндігінің жолын кесу үшін оны ұстау кезінде оған зиян келтіру қылмыс болып табылмайды.

Ұсталатын адам жасаған қылмыстың қоғамдық қауіптілік сипаты мен дәрежесіне мүлде сәйкес келмейтін және адамға жағдай талап еткендегінен көрінеу шамадан тыс зиян келтірілген кезде, қылмыс жасаған адамды ұстау үшін қажетті шараларды асыра қолданылады деп танылады. Мұндай асыра қолдану қасақана зиян келтірілген жағдайда ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады."

4 . 2 8 - б а п т а :

үшінші бөліктегі "Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген ең төменгі еңбекақы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген айлық есепті көрсеткіш" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы бөліктегі "ең төменгі жалақы" деген сөздер "айлық есепті көрсеткіш" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы сегізінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі қабылданғанға дейін осы Кодексте белгіленген еңбекақының ең төменгі айлық мөлшерінің санына сәйкес келетін сомалар түрінде салынатын айыппұлдар - ақшалай өндіріп алу қылмыстық іс-әрекет жасалған кезде Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген айлық есепті көрсеткіш мөлшері негізінде алына отырып есептелсін."

5 . 3 5 - б а п т а :

бірінші бөліктің 8) тармақшасы "сондай-ақ қылмысты ашуға, қылмысқа басқа да қатысушыларды әшкерелеуге және қылмыс нәтижесінде табылған мүлікті іздеуге белсенді жәрдемдесу" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы баптың бірінші бөлігіндегі 1) және 8) тармақшаларда көзделген жұмсартатын жағдайлар болған және ауырлататын жағдайлар болмаған кезде сот тағайындаған мерзімді немесе жазалау мөлшерін осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген ең жоғары мерзімнің немесе ең қатал жаза мөлшерінің төрттен үшінен асыруға болмайды."

6. 37-баптың бірінші бөлігінде "Жаза тағайындау кезінде қылмысты топтың ұйымдастырушыларына, басшыларына не қатысушысына немесе қылмыстық сыбайластықтың қатысушысына заңның неғұрлым қатаң жаза көзделетін бабында белгіленген шектерде тағайындалған жазаларды толық қосу тәртібі қолданылады" деген сөйлем алып тасталсын.

7 . 4 5 - 4 - б а п т а :

бірінші бөлік "ауыр болмаса" деген сөздердің алдынан "жеке адамға қарсы қылмысы" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік "ауыр қылмыс жасаған" деген сөздердің алдынан "жеке адамға қарсы" деген сөздермен толықтырылсын.

8. 56-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"56-бап. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күш қолданып құлатуға немесе өзгертуге не оның аумағының тұтастығын күш қолданып бұзуға шақыру

Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күш қолданып құлатуға немесе өзгертуге немесе оның аумағының тұтастығын күш қолданып бұзуға жария шақыру, сондай-ақ осы мақсатпен осындай мазмұндағы материалдар тарату - үш жүзден мың айлық есепті көрсеткіш мөлшеріне дейін айыппұл салуға немесе екі жылға дейін мерзімге еңбекпен түзеу жұмыстарына немесе нақ сондай мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қайталап жасалған немесе ұйымдасқан топ жасаған, сондай-ақ ауыр

зардаптарға ұшыратқан дәл сол іс-әрекет -

бір мыңнан бес мың айлық есепті көрсеткіш мөлшеріне дейін айыппұл салуға немесе екі жылға дейін мерзімге еңбекпен түзеу жұмыстарына немесе бес жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады".

9. 63-бапта "немесе мүлкін тәркілеу арқылы өлім жазасына" деген сөздер алып тасталсын.

10. 76-баптың ескертпесіндегі б), в), г) тармақшаларында "ең төменгі жалақы" деген сөздер "айлық есепті көрсеткіш" деген сөздермен ауыстырылсын.

11. Мынадай мазмұндағы 81-1-баппен толықтырылсын:

"81-1-бап. Алдау немесе сенімді пайдаланып қиянат жасау жолымен залал келтіру

Бөтеннің мүлкін өз бетінше пайдалану немесе оған иелік ету не бөтеннің мүлкі есебінен мүліктік пайда алу, сондай-ақ ұрлау белгілері болмаған кезде мүлікті пайда алу мақсатында жасалған алдау немесе сенімді пайдаланып қиянат жасау жолымен меншік иесінің мүлкіне өзге де залал келтіру - жүз айлық есепті көрсеткішке дейін мөлшерде айыппұл салуға немесе бір жылға

дейін мерзімге еңбекпен түзеу жұмыстарына жазаланады.

Қайталап немесе адамдар тобы жасаған не ірі көлемде залал шектірген дәл сол
і с - ә р е к е т -

екі жылға дейін мерзімге еңбекпен түзеу жұмыстарына немесе белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір қызметтермен айналысу құқығынан айыра отырып, үш жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады."

12. 90-баптың атауы мен мәтіні "қажетті қорғану" деген сөздерден кейін "және қылмыс жасаған адамды ұстау үшін қажетті шаралар" деген сөздермен толықтырылсын

13. 96-баптың атауы мен мәтіні "қажетті қорғану" деген сөздерден кейін "және қылмыс жасаған адамды ұстау үшін қажетті шаралар" деген сөздермен толықтырылсын.

14. 101-баптың төртінші бөлігіндегі "немесе өлім жазасымен" деген сөздер алып тасталсын.

15. 146-бапта:

бірінші және үшінші бөліктер "лауазымды адамдарды" деген сөздердің алдынан "мемлекеттік органның" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлікте "айрықша ауыр жағдайларда - мүлкін тәркілеу арқылы өлім жазасынан" деген сөздер алып тасталсын;

16. 147-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер қорқытып пара алу орын алса немесе егер ол адам қылмыстық іс қозғауға құқығы бар органға пара бергені туралы өз еркімен хабарласа пара берген қылмыстық жауаптылықтан босатылады."

17. Мынадай мазмұндағы 147-1, 164-4, 164-5, 164-6-баптармен толықтырылсын:

"147-1-бап. Пара алуға немесе коммерциялық сатып алуға арандату

Пара алуға немесе коммерциялық сатып алуға арандату, яғни пара алғандығы немесе коммерциялық сатып алынғандығы жөнінде жасанды айғақтар туғызу мақсатымен, сондай-ақ бопсалау мақсатымен лауазымды адамға оның келісімінсіз ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік беруге немесе мүліктік сипаттағы қызмет көрсетуге
ә р е к е т ж а с а у -

айлық есепті көрсеткіштің екі жүзге дейін мөлшерінде айыппұл салуға немесе үш

жылға дейін мерзімге белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе олардан айырмай екі жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады."

"164-4-бап. Несиені заңсыз алу немесе мақсатқа
с а й п а й д а л а н б а у

Жеке кәсіпкерлік немесе ұйым басшысының банкке немесе өзге кредиторға жеке кәсіпкердің немесе ұйымның шаруашылық жағдайы не қаржылық жай-күйі туралы көрінеу жалған мәліметтер беру жолымен несие немесе несиелеудің жеңілдікті жағдайларын алуы, егер бұл іс-әрекет ірі көлемде залал келтірсе - айлық есепті көрсеткіштің бес жүзге дейін мөлшерінде айыппұл салуға немесе екі жылға дейін мерзімге түзеу жұмыстарына не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға ж а з а л а н а д ы .

Мемлекеттік нысаналы несиені не мемлекет кепілдігімен берілген несиені тікелей мақсаты бойынша пайдалану, егер бұл іс-әрекет азаматтарға, ұйымдарға немесе мемлекетке ірі көлемде залал келтірсе, - айлық есепті көрсеткіштің бес жүзге дейін мөлшерінде айыппұл салуға немесе екі жылға дейін мерзімге түзеу жұмыстарына не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға ж а з а л а н а д ы .

Ескерту. Азаматтарға келтірілген ірі залал деп айлық есепті көрсеткіштің бес жүз есе мөлшерінен жоғары залал, ал ұйымдарға немесе мемлекетке - айлық есепті көрсеткіштің екі мың мөлшерінен астам залал танылады.

164-5-бап. Кредиторлық берешекті өтеуден қасақана жалтару

Ұйым басшысының немесе азаматтың ірі мөлшердегі кредиторлық берешекті өтеуден немесе тиісті сот актісі заңды күшіне енгеннен кейін бағалы қағаздарды төлеуден қ а с а қ а н а ж а л т а р у ы -

айлық есепті көрсеткіштің бес жүзге дейін мөлшерінде айыппұл салуға немесе екі жылға дейін мерзімге түзеу жұмыстарына не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға ж а з а л а н а д ы .

Ескерту. Азаматтың айлық есепті көрсеткіштің бес жүз есе мөлшерінен жоғары сомасындағы кредиторлық берешегі, ал ұйымдардың - айлық есепті көрсеткіштің екі мың есе мөлшерінен астам сомасы ірі көлемдегі берешек деп танылады.

164-6-бап. Заңды тұлғаларды тарату процесіндегі
з а ң с ы з і с - ә р е к е т т е р

Мүлікті немесе мүліктік міндеттемелерді, мүлік, оның мөлшері, орналасқан жері туралы мәліметтерді не мүлік туралы өзге де ақпаратты қасақана жасыру, сондай-ақ бухгалтерлік және өзге де есеп құжаттарын жасыру, жойып жіберу, бұрмалау, егер осы іс-әрекеттерді меншік иесі не берешек ұйымдардың лауазымды адамдары, соның ішінде тарату процесінде оны тарату комиссиясының мүшелерін қоса, сондай-ақ олардың білуімен басқа адамдар жасаса, - айлық есепті көрсеткіштің бес жүзге дейін мөлшерінде айыппұл салуға немесе екі жылға дейін мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады."

18. 165-3 және 165-4-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"165-3-бап. Коммерциялық сатып алу

Сатып алуды жүзеге асырушы адамның мүдделерін көздеп оның өзінің қызмет жағдайын пайдаланғаны үшін, осы Кодекстің 146-бабында аталмаған лауазымды адамға материалдық сыйақыны заңсыз беру не мүліктік сипаттағы қызмет көрсетуі - айлық есепті көрсеткіштің екі жүзге дейін мөлшерінде айыппұл салуға немесе екі жылға дейін мерзімге түзеу жұмыстарына не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға ж а з а л а н а д ы .

Қайталап не адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша жасалған дәл осы і с - ә р е к е т -

төрт жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Сатып алуды жүзеге асырушы адамның мүдделерін көздеп өзінің қызмет жағдайын пайдаланғаны үшін осы Кодекстің 146-бабында аталмаған лауазымды адамның заңсыз түрде материалдық сыйақы алуы немесе мүліктік сипаттағы қызметті пайдалануы - айлық есепті көрсеткіштің бес жүзге дейін мөлшерінде айыппұл салуға немесе екі жылға дейін мерзімге белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығын шектеуге не екі жылға дейін мерзімге түзеу жұмыстарына, не мүлкі тәркілене отырып не тәркіленбей үш жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруға ж а з а л а н а д ы .

Қорқытып алумен ұштасқан немесе қайталап не адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша жасалған дәл сол іс-әрекет -

мүлкі тәркілене отырып, бес жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруға ж а з а л а н а д ы .

Осы баптың бірінші және екінші бөлігінде көзделген іс-әрекетті жасаған адам, егер оған қатысты қорқытып алуға жол берілген болса немесе ол қылмыстық іс қозғауға құқығы бар органға сатып алу туралы өз еркімен хабарласа, қылмыстық жауаптылықтан б о с а т ы л а д ы .

165-4-бап. Компьютерлік ақпаратқа заңсыз араласу, ЭЕМ үшін зиянды бағдарламаларды жасау, пайдалану және тарату

Заңмен қорғалатын компьютерлік ақпаратқа, яғни машиналық көздегі, электронды-есептеу машинасындағы (ЭЕМ), ЭЕМ жүйесіндегі немесе олардың желісіндегі ақпаратқа заңсыз араласу, егер, бұл әрекет ақпаратты жоюға, жауып тастауға, түрлендіруге немесе көшіріп алуға, ЭЕМ жұмысын, ЭЕМ жүйесін немесе олардың желісін бұзуға әкеп соқса, -

айлық есепті көрсеткіштің екі жүзге дейін мөлшерінде айыппұл салуға немесе бір жылға дейін мерзімге түзеу жұмыстарына не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға ж а з а л а н а д ы .

Алдын ала сөз байласқан адамдар тобы немесе ұйымдасқан топ не сондай-ақ ЭЕМ-ге, ЭЕМ жүйесіне немесе олардың желісіне кіру мүмкіндігі бар адам өзінің қызмет бабын пайдаланып дәл сол әрекет, -

айлық есепті көрсеткіштің бес жүзге дейін мөлшерінде айыппұл салуға немесе екі жылға дейін мерзімге түзеу жұмыстарына немесе үш жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ақпаратты рұқсат етілмей жоюға, жауып тастауға, түрлендіруге немесе көшіріп алуға, ЭЕМ-нің, ЭЕМ жүйесі мен олардың желісінің жұмысын бұзуға әдейі әкеп соқтыратын ЭЕМ-ге арналған бағдарлама жасау немесе қолданыстағы бағдарламаға өзгерістер енгізу, сондай-ақ осындай бағдарламаларды немесе осындай бағдарламалары бар машиналық көздерді пайдалану не тарату -

айлық есепті көрсеткіштің бес жүзге дейін мөлшерінде айыппұл салуға немесе екі жылға дейін мерзімге түзеу жұмыстарына, немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға ж а з а л а н а д ы .

Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, ауыр зардаптарға әкеп соқтырған іс-әрекет

-

бес жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады."

19. 166-1-баптың бірінші бөлігі "саласында" деген сөздің алдынан "білім беру" деген сөздермен толықтырылсын.

20. 170-баптың бірінші бөлігі "қолдан жасалған немесе ұқсатып жасалған" деген сөздерден кейін "акциздік марка, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын.

21. Мынадай мазмұндағы 170-3, 183-4-баптармен толықтырылсын.

"170-3-бап. Қазақстан Республикасының Президентін қорлау

Қазақстан Республикасы Президенттің жария қорлау немесе оның абыройы мен

қадір-қасиетіне өзге де қол сұғушылық -

бір жылға дейін мерзімге түзеу жұмыстарына немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға, немесе айлық есепті көрсеткіштің жүз есеге дейін мөлшерінде айыппұл салуға жазаланады.

Бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып жасалған дәл сол іс-әрекет - екі жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруға немесе сол мерзімге түзеу жұмыстарына, немесе айлық есепті көрсеткіштің мың мөлшеріне дейін айыппұл салуға жазаланады.

Ескерту. Қазақстан Республикасы Президентінің қызметі туралы, сондай-ақ оның басшылығымен жүргізіліп отырған саясат туралы сын тұрғысында айтылған жария сөздер бұл баптың қолданылу аясына жатпайды."

"183-4-бап. Азаматтардың жеке басы мен құқықтарына қол сұғатын бірлестіктер ұйымдастыру

Қызметі азаматтарға зорлық-зомбылық жасаумен ұштасатын немесе олардың денсаулығына өзге де зиян келтіріп, не азаматтарды азаматтық міндеттерін орындаудан бас тартуға, немесе заңға қарсы өзге де әрекеттер жасауға түрткі болатын діни немесе қоғамдық бірлестіктер құру, сондай-ақ осындай бірлестікке басшылық ету - айлық есепті көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейін мөлшерінде айыппұл салуға немесе екі жылға дейін мерзімге түзеу жұмыстарына, немесе үш жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Осы баптың бірінші бөлігінде аталған бірлестіктің қызметіне белсене қатысу - айлық есепті көрсеткіштің жүзден үш есеге дейін мөлшерінде айыппұл салуға немесе екі жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады."

22. 192 және 197-баптар мынадай редакцияда жазылсын.

"192-бап. Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау

Азаматтың заңды күшіне енген сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін қасақана орындамауы, сондай-ақ олардың орындалуына кедергі келтіруі - бір жылға дейін мерзімге түзеу жұмыстарына немесе айлық есепті көрсеткіштің елуге дейін мөлшерінде айыппұл салуға жазаланады.

лауазымды адам жасаған дәл сол әрекет - бір жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруға немесе екі жылға дейін мерзімге түзеу жұмыстарына немесе бес жылға дейін мерзімге белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе олардан айырмай айлық есепті көрсеткіштің жүзге дейін мөлшерінде айыппұл салуға жазаланады."

"197-бап. Хатталған, иелік ету шектелген немесе
тыйым салынған не тәркіленуге тиіс мүлік
жөніндегі заңсыз іс-әрекет

Хатталған, иелік ету шектелген немесе тыйым салынған мүлікті осы мүлік сеніп
тапсырылған адамның ысырап етуі, не иеліктен шығаруы, жасыруы немесе заңсыз
басқаға беруі, сондай-ақ несие ұйымы қызметкерінің уәкілетті орган жұмсауды тоқтата
тұрған не тыйым салынған ақша қаражатымен (салымдармен) шығыс операцияларын
ж ү р г і з у і -

екі жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруға немесе бір жылға дейін
мерзімге түзеу жұмыстарына, немесе айлық есепті көрсеткіштің жүзге дейін
мөлшерінде айыппұл салуға жазаланады.

Сот үкімі бойынша тәркіленуге тиісті мүлікті жасыру немесе

иелену, сондай-ақ мүлікті тәркілеуді тағайындау туралы заңды күшіне
енген сот үкімін орындаудан өзге де жалтару -

үш жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруға не екі
жылға дейін мерзімге түзеу жұмыстарына, не айлық есепті көрсеткіштің
үш жүзге дейін мөлшерінде айыппұл салуға жазаланады."

23. 211-бапта:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"211-бап. Спирттік ішімдіктерді заңсыз дайындау, сақтау
немесе өткізу

төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өнеркәсіп өндірісіндегі спирттік ішімдіктерді сату мақсатымен оларды тиісті
лицензиясыз немесе лицензиялық нормалар мен ережелерді бұза отырып дайындау
немесе сақтау, сондай-ақ аталған спирттік ішімдіктерді өткізу -

айлық есепті көрсеткіштің бір мыңға дейін мөлшерінде айыппұл салуға немесе екі
жылға дейін мерзімге түзеу жұмыстарына, немесе мүлкі тәркілене отырып не
тәркіленбей төрт жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы баптың үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттің қайталап
ж а с а л у ы -

мүлкі тәркілене отырып бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. "

24. 168-1, 200-1, 201-1 және 204-1-баптар алынып тасталсын.

6-бап. 1959 жылғы 22 шілдедегі Қазақ КСР Заңымен бекітілген Қазақ КСР-інің Қылмыстық іс жүргізу кодексінде (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1959 ж., N 22-23, 178-құжат; Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1984 ж., N 24, 321-құжат; 1985 ж., N 19, 193-құжат; N 23, 248-құжат; N 45, 457-құжат; 1986 ж., N 25, 242-құжат; 1987 ж., N 20, 251-құжат; N 32, 421-құжат; N 32, 445, 446-құжаттар; N 45, 542-құжат; 1988 ж., N 15, 149-құжат; N 16, 159-құжат; N 22, 229-құжат; 1989 ж., N 16, 127-құжат; N 28, 212-құжат; N 45, 364-құжат; N 52, 462-құжат; 1990 ж., N 22, 272-құжат; N 44, 410-құжат; N 48, 445-құжат; N 49, 461-құжат; 1991 ж., N 10, 132-құжат; N 25, 318-құжат; N 26, 348-құжат; N 28, 372, 373-құжаттар; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 96-құжат; N 11-12, 295-құжат; N 15, 380-құжат; 1993 ж., N 8, 161-құжат; N 17, 404, 424-құжаттар; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; N 8, 55-құжат; N 23, 140-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 15-баптың бірінші бөлігі "жан-жақты" деген сөзден кейін "жеткілікті түрде" деген сөзбен толықтырылсын.

2. 21 - бапта :

5 а) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5 а) "тергеу бөлімінің бастығы" - Мемлекеттік тергеу комитеті мен оның органдары департаментінің (бас басқармасының), бөлімінің, бөлімшесінің бастығы, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдары департаментінің (бас тергеу басқармасының, басқармасының), бөлімінің, бөлімшесінің бастығы және оның өз құзыреті шегінде жұмыс істейтін орынбасарлары;";

6-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) "тергеуші" - Мемлекеттік тергеу комитеті мен оның органдарының тергеушісі, ішкі істер органдарының тергеушісі және ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеушісі; "

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) "сезікті" - оған қатысты қылмысты іс қозғалған немесе тыю шараларын таңдау туралы шығарылған қылмысты жасады деген күдік бойынша ұсталған адам; "

3. 63-баптың бірінші бөлігі "жеке кепілдігін немесе қоғамдық ұйымдардың кепілдігін" деген сөздерден кейін "кепілдік алуға" деген сөздермен толықтырылсын.

4. Мынадай мазмұндағы 67-1 баппен толықтырылсын.

" 67 - 1 - бап . К е п і л

Кепіл айыпкердің тергеу жүргізуші органның билігінде болуын қамтамасыз етуде сот депозитіне бір немесе бірнеше адамның айыпкерді қамаудан босату үшін енгізетін

ақшадан тұрады. Соттың рұқсатымен кепіл ретіне жылжымайтын мүлік, бағалы қағаздар немесе басқа да құндылықтар қабылдануы мүмкін. Кепілдің құндылығын дәлелдеу кепіл берушіге жүктеледі.

Прокурор, сот айыпкердің қамаудан кепілмен босатылуына мүмкіндік беруге м і н д е т т і .

П р о к у р о р , с о т :

егер айыпкердің жеке басы анықталмаған болса, оның тұрақты тұрғылықты жері болмаса немесе тергеу жүргізетін органның жасырынуға тырысса;

қасақана ауыр қылмыс жасады деп айыпталған жағдайда - айып тағылған әрекеттің ауырлығына қоса, адамды қамаудан босатуы мүмкін емес немесе қауіпті ететін мән-жайлар болған ретте тиісті дәлелдер келтіре отырып, қамаудан кепіл арқылы босатуға жол беруге болмайтынын тануға құқылы.

Сот, прокурор шамадан тыс жоғары кепіл тағайындамауға тиіс, алайда оның м ө л ш е р і :

ауыр емес қылмыстар жасады деп айыптау кезінде - айлық есепті көрсеткіштің жүз е с е л е н г е н м ө л ш е р і н е н ;

ауыр зардаптарға ұшыратқан абайсыз жасалған қылмыс бойынша айыптау кезінде - айлық есепті көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен;

қасақана ауыр қылмыс жасады деп айыптау кезінде - айлық есепті көрсеткіштің мың еселенген мөлшерінен кем болмауы керек.

Сот, прокурор мүдделі адамдардың өтініші бойынша кепілге беруге болмайтындығы туралы және кепіл сомасы туралы шешімді қайта қарай алады.

Кепіл енгізілгені туралы дәлелдемелер алысымен тергеу органы, прокурор мен сот айыпкерді қамаудан босату туралы дереу өкім шығарады.

Егер айыпкер тергеу органының жасырынса немесе одан рұқсат алмай басқа жерге кетіп қалса, прокурор салынған кепілді мемлекет кірісіне алу туралы сотқа ұсыныс жасайды. Соттың салынған кепілді мемлекет кірісіне туралы шешіміне кепіл беруші екінші сатыдағы сотқа шағымдануы мүмкін.

Егер кепіл түріндегі тыю шарасының күші жойылса немесе өзгертілсе, осы баптың алтыншы бөлігінде көзделген тәртіп бұзушылық дәлелденбеген барлық жағдайларда салынған кепіл кепіл берушіге қайтарылуға тиіс. Кепілді қайтару туралы шешімді тергеу жүргізуші орган, прокурор, сот қабылдап, сонымен бірге тиісті тыйым салу шарасының күшін жою немесе оны өзгерту туралы шешім шығарады.

Кепіл түріндегі тыю шарасы айыпкерге жүктелген міндеттер мен оған белгіленген құқық шектеулері бұзылған жағдайда оны қамауға алумен өзгертілуі мүмкін."

5 . 8 8 - б а п т а :

бірінші бөлік "баптары" деген сөздің алдынан "76-4", "101, 1-б." деген сөздерден кейін "143, 145, 150, 155, 183 1 б." деген сөздермен толықтырылсын:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер бұл істер бойынша жәбірленуші өзінің жеке басының немесе психикалық кемістігіне байланысты өз құқығын қорғауды өзі жүзеге асыра алмайтын адам болса не өзіне залал келтірілгенін білмейтін және сол себепті шағым беруге мүмкіндігі жоқ меншік иесіне, сондай-ақ мемлекетке материалдық шығын келтірілген кезде прокурор жәбірленушінің шағым беруінсіз де қылмыстық іс қозғауға құқылы және тергеу жалпы негіздерде жүргізіледі."

6. 113 - бапта:

1-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ішкі істер органдары";

4-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) әскери полиция - әскери қызметшілер, сондай-ақ жиындардан өтіп жүрген кезінде әскери міндеттілер жасаған барлық қылмыстар туралы істер бойынша; еркін жалдамалылар қызмет міндеттерін атқаруға байланысты немесе бөлім, құрама, мекеме орналасқан жерде жасаған қылмыстар туралы істер бойынша";

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) салық полициясының органдары - салық, қаржы заңдарының, сондай-ақ лицензиялау туралы заңдардың бұзылуына байланысты қылмыстар туралы істер бойынша."

7. 116-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"116-бап. Алдын ала тергеу міндетті емес істер және істі сотта қарау үшін негіз болып табылатын анықтау материалдары

Ішкі істер органдары Қазақ КСР Қылмыстық кодексі ІІб, мына баптарында көзделген қылмыстар бойынша анықтау жүргізіледі: 66, 78 ІІб., 83 ІІ, ІІІб., 94, 95 ІІб., 98, 99 ІІб., 100 ІІІІҮб., 100-1, 104, 105, 106, 110 Іб., 113, 117, 118, ІІ, ІІІб., 155, 156, 158, 161, 162 ІІб., 163 ІІ, ІІІб., 166 ІІб., 166-1 ІІб., 166-2 ІІб., 167, 170-1, 170-2, 180-1, 182 ІІб., 184-1, 198, 199, 199-1, 199-2, 199-3, 200 ІІб., 200-3, 201 ІІб., 211 ІІІ, ІҮб., 212-1 ІІб., 213 ІІб., 213-2 Іб., 214 І, ІІ, ІІІб., 215-1, І, ІІ, ІІІ, ІҮб., 215-2, 216, 216-1, 217 Іб., 217-2, 219, 220, 222 ІІб., 222-1, 223 ІІб.

Салық полициясы органдары Қазақ КСР Қылмыстық кодексі ІІб, мына баптарында көзделген қылмыстар бойынша анықтау жүргізеді: 81, 164, 164-1, 164-4, 164-5, 165.

Кеден органдары Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 64-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстар бойынша анықтау жүргізеді.

Әскери полиция Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 225 а) тармақшасы, 226 а/ және б/ тармақшалары, 231 а/ және б/ тармақшалары, 232 а/, в/ және г/ тармақшалары, 233 а/ тармақшасы, 242 а/ және б/ тармақшалары, 245 а/ және б/ тармақшалары, 256-

баптарында көзделген қылмыстар бойынша, сондай-ақ әскери қызметшілер, сондай-ақ жиындардан өтіп жүрген кезінде әскери міндеттілер және қызмет міндеттерін атқаруға байланысты немесе бөлім, құрама, мекеме орналасқан жерде еркін жалдамалылар жасаған қылмыстар туралы істер бойынша анықтау жүргізеді.

Қылмыстық іс қозғаған орган мына баптарда: 47 І б., 76-4 І б., 170 І б. көзделген қылмыстар бойынша анықтау жүргізеді.

Аталған істер бойынша алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес және анықтау материалдары істі сотта қарау үшін негіз болып табылады.

Аталған істер бойынша анықтау осы Кодексте алдын ала тергеу үшін белгіленген ережелер бойынша жүргізіледі, оларға мыналар қосылмайды:

1) жәбірленуші, азаматтық талап етуші, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері анықтау аяқталғаннан кейін істің материалдарымен таныстырылмайды, тек қана анықтаудың аяқталғаны және істің прокурорға жіберілгені туралы хабардар етіледі;

2) осы Кодекстің II-бөлігінің 121-бабына келтірілген ережелер анықтау жүргізетін адамға қолданылмайды";

8. 119-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"119-бап. Алдын ала тергеу органдары

Қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді Мемлекеттік тергеу комитетінің және оның органдарының тергеушілері, сондай-ақ ішкі істер органдарының тергеушілері мен ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеушілері жүргізеді".

9. 120-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"120-бап. Міндетті түрде алдын ала тергеу жүргізілетін істер

Осы Кодекстің алдын ала тергеу сот немесе прокурор оны қажет деп тапқан реттерде ғана жүргізілетін 89, 116 және 388-баптарында аталған қылмыстарды қоспағанда алдын ала тергеу барлық істер бойынша міндетті түрде жүргізіледі. Мемлекеттік тергеу комитеті мен оның органдарының тергеушілері прокурордың келісімімен өзге де алдын ала тергеу органдарының тергеуіндегі қылмыстық істерді өзі жүргізуге алуға құқылы.

Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 57, 60, 63, 63-1, 63-2, 63-3, 65, 67, 68, 71, 71-1, 72, 72-1, 73, 74, 74 II б., 76-4 II және III б., 76-7 II және III б., 115-2, 116, 120-131, 143-149, 150-154, 156-1, 159, 159-1, 159-2, 164-2, 164-3, 164-6, 165-1, 165-2, 165-3, 165-4, 165-5, 166-2 III б., 167-1, 168, 168-2, 170 II б., 170-3, 170-4, 171-175, 176 II б., 183-2, 183-3, 183-5, 186, 188-192, 205-207-баптарында, 225-бабының б/ және в/ тармақшаларында, 226-бабының в/тармақшасында, 227-230-баптарында, 231-бабының в/ тармақшасында, 232-

бабының б/ тармақшасында, 233-бабының б/, в/ және г/ тармақшаларында, 234-241-баптарында, 242-бабының в/, г/, д/ және е/ тармақшаларында, 243, 244-баптарында, 245-бабының в/ және г/ тармақшаларында, 246-255-баптарында көзделген қылмыстық істер бойынша, ұйымдасқан топ немесе қылмыстық сыбайластық сондай-ақ әскери қызметшілер, өздері жиындардан өтіп жүрген кезінде әскери міндеттілер және қызмет міндеттерін атқаруға байланысты немесе бөлім, құрама, мекеме орналасқан жерде ерікті жалдамалылар жасаған қылмыстар туралы істер бойынша алдын ала тергеуді Мемлекеттік тергеу комитеті мен оның органдарының тергеушілері жүргізеді.

Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 50-56, 56-1, 58, 59, 61, 62, 62-1, 62-2, 69, 70, 115-1-баптарында, 246-бабының а/, б/ және в/ тармақшаларында көзделген қылмыстар туралы істер бойынша алдын ала тергеуді ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеушілері жүргізеді.

Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 72-2, 76 II және III б., 76-1 II және III б., 76-2, 76-3 II және III б., 76-7 I б., 82, 88, 89-93, 95 I б., 96, 101, 102, 103, 108, 109, 110 II б., 111, 115, 116-1, 176 I б., 183, 183-4, 200-2, 204-4, 201 I б., 208, 208-1 II б., 209, 209-1, 209-2, 210, 213-1, 213-2 II б., 217 II және III б., 218, 221 II және III б., 222 I және III б., 223 I және III б. көзделген қылмыстар туралы істер бойынша алдын ала тергеуді ішкі істер органдарының тергеушілері жүргізеді.

Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 64 II, III және IV б., 203, 214 IV және V б., 214-1 II б., 215-1 V б. көзделген қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді қылмыстық іс қозғаған орган жүргізеді.

Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 75, 75-1, 187, 187-1, 193-197-баптарында көзделген қылмыстар туралы істерді алдын ала тергеуді бұл іс соған сәйкес қозғалған қылмыс қай органның тергеуіне жататын болса, сол орган жүргізеді".

10. 196-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"196-бап. Облыстық, Алматы қалалық сотының сот ісін қарауы

Облыстық, Алматы қалалық соты Қазақ КСР Қылмыстық Кодексінің 50, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 63-1, 65, 70, 71, 72-1, 88 I б., 101 IV б., 146 III б., 173-1, 191-баптарында көзделген қылмыстар туралы істерді қарайды."

11. 208-баптың 3, 4, 5-тармақтары алып тасталсын.

12. 214, 242 және 328-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"214-бап. Істі пысықтап тергеуге қайтару негіздері

Соттың өкімші отырысқа енгізген ұйғарымы бойынша іс мынадай жағдайларда:

1) осы Кодекстің XXXYII тарауында көзделген тәртіп бойынша жүргізілген анықтау толық болмаған;

2) істі айыпкерге басқа айып тағу үшін негіздер болғанда, егер осы айып қаралатын іске байланысты болса немесе басқа адамдарды қылмыстық жауапқа тарту үшін негіздер болса, егер олардың іс-әрекеті қаралатын іске байланысты болса және жаңа адамдарға қатысты істі жеке қарау мүмкін болмаған;

3) істі дұрыс біріктірмеген немесе бөлген;

4) айыптау қорытындысында көрсетілген айыптауды неғұрлым ауыр немесе бастапқы қойылған айыптаудан едәуір ерекше етіп өзгерту қажет болған жағдайларда қосымша анықтауға немесе алдын ала тергеуге жіберілуі мүмкін.

Іс қосымша тергеуге қайтарылған жағдайда сот ұйғарымында қосымша тергеу кезінде нақ қандай мән-жайлар анықталуға тиіс екенін көрсетеді."

"242-бап. Істі сот отырысында пысықтап тергеуге жіберу

Егер сот қарауы уақытында осы Кодекстің 214-бабында көрсетілген негіздер анықталатын болса, сот істі дәлелді айқындамамен пысықтап тергеуге жібереді."

"328-бап. Анықтаудың, алдын ала тергеу мен сот тергеуінің сыңаржақтығы мен жеткіліксіздігі

Анықтау, алдын ала тергеу мен сот тергеуі осы Кодекстің 214-бабының талаптары бұзылған жағдайда сыңаржақ немесе жеткілікті дәрежеде толық жүргізілмеген деп танылады. Анықталуы істі дұрыс шешу үшін елеулі мән болуы мүмкін мән жайлар анықталмай қалған кезде сот тергеу сыңаржақ немесе толық жүргізілмеген деп т а н ы л а д ы .

Егер белгілі бір мән-жайды зерттеу қажеттігі кассациялық сатыдағы сотқа осы Кодекстің 317-бабының үшінші бөлігінде көзделген тәртіппен тапсырылған жаңа материалдардан туындайтын жағдайда да үкімнің күші жойылады".

13. 294-баптың екінші бөлігі "тергеу" деген сөзден кейін "осы Кодекстің 214-бабында көрсетілген негіздер бойынша" деген сөздермен толықтырылсын.

14. 388-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"388-бап. Іс жүргізу тәртібі

Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің мына баптарында: 64 I б., 76 I б., 76-1 I б., 76-3 I б., 77, 78 I б., 79, 81, 81-1, 83 I б., 84, 85, 100 I және II б., 107, 112, 114, 157, 160, 160-1, 162 I б., 163 I б., 163-1, 164-1, 165 I б., 166 I б., 166-1 I б., 166-2 I б., 166-3, 175, 177, 178, 179, 180, 180-2, 181, 182 I б., 183-1, 184, 185, 200 I б., 201-2, 202 I және III б., 204, 208-1 I б., 211 I және II б., 212, 212-1 I б., 213 I б., 213-3, 214-1 I б., 214-2, 215, 217-1, 221 I б.

көзделген қылмыстар туралы істер бойынша іс жүргізу тәртібі осы тараудың баптарында белгілеулерін алып тастаулардан өзге осы Кодекстің жалпы ережелерімен белгіленеді.

15. 389-бап мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"Прокурор санкция берген хаттама ол жасалған адамға қарсы қылмыстық іс қозғалғанын білдіреді."

16. 391-баптағы "осы Кодекстің 120-бабының екінші және төртінші бөліктерінде аталған органдар" деген сөздер алып тасталсын.

17. 393-бап алып тасталсын.

18. 394-бап мынадай редакцияда жазылсын.

394-бап. Істі сотта қарау

Осы Кодекстің 388-бабында келтірілген қылмыстар туралы іс материалдарын сот отырысында қарау үшін жеткілікті деп танып, сот құқық бұзушыны сотқа беру туралы ұйғарым енгізеді, қажет болған жағдайда оған тыю шараларын белгілейді және істі сот отырысында қарайды не материалдары анықтау немесе алдын ала тергеу жүргізу үшін қайтарады, не іс жүргізуді қысқартады.

Судья құқық бұзушыны сотқа беру және істі сот отырысында қарауды

белгілеу туралы не істі қысқарту туралы жеке-дара ұйғарым шығара алады.

Осы кодекстің 388-бабында келтірілген қылмыстар туралы істер сотта материалдар сотқа келіп түскен кезден бастап он төрт күн мерзімнен кешіктірілмей қаралуға тиіс. Сот мұндай істерді қараған кезде, егер сот отырысында анықтау мүмкін емес елеулі қосымша мән-жайларды анықтау қажет болса оларды анықтау немесе алдын ала тергеу жүргізу үшін қайтаруға құқылы.

19. Мынадай мазмұндағы XXXYII тараумен толықтырылсын.

"XXXYII тарау

Қылмыс жасаған адамдар белгілі болған кезде анық қылмыстар туралы істер бойынша ерекше анықтау ісін жүргізу

418-бап. Ерекше іс жүргізу

Осы Кодекстің 116-бабында көзделген қылмыстар туралы істер бойынша ерекше анықтау ісін жүргізуге жол беріледі.

419-бап. Ерекше іс жүргізу тәртібі

Осы тараудың ережелері бойынша әрекеттің қылмыстығы анық болып, оны жасаған адам белгілі және ол айып тағылған әрекетіне кінәлілігін дауламаған кезде анықтау жүргізіледі. Ерекше қылмыстық іс жүргізу ісі анықтау органы қылмыс туралы арызды немесе хабарды алған кезден бастап 24 сағаттан кешіктірілмей қозғалады. Қылмыстық іс қозғау туралы қаулымен сезікті танысады.

Осы Кодекстің 63-бабында көзделген негіздер бойынша анықтау жүргізуші адам, прокурор мен сот сезікті жөнінде тыю шарасын қолдануға құқылы.

420-бап. Істің мән-жайын зерттеудің жеткілікті болуы

Анықтау органы істің мән-жайы мен жиналған айғақтарды зерттеудің жеткілікті болуы туралы тұжырымдама келген кезде ерекше іс жүргізудің қажетті талаптары орындалған ретте осы Кодексте көзделген жалпы ережелерден тыс ерекшеліктермен анықтауды аяқтауға айыптау хаттамасын жасауға және істі сотқа жіберу үшін прокурорға беруге құқылы.

421-бап. Ерекше іс жүргізудің қажетті талаптары

Ерекше іс жүргізу кезінде анықтау органдары жасалған қылмыстың мән-жайын және сезіктінің жеке басын анықтайды, оның соттылығының болған-болмағандығы туралы анықтама талап етеді, одан, жәбірленушіден және куәгерлерден айғақтар алады, қажет болған жағдайда істі сотта қарау үшін мәні бар өзге де материалдар жинайды.

422-бап. Айыптау хаттамасын жасау

Ерекше іс жүргізудің тәртібінде анықтаудың нәтижелері бойынша айыптау

хаттамасы жасалады, онда: оның жасалған уақыты мен орны, кімнің жасағаны, айыпталушының жеке басы туралы деректер, қылмыстың жасалған орны мен уақыты, оның әдістері мен себептері, зардаптары мен өзге де елеулі мән-жайлар, Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің бабы бойынша қылмыстың саралануы көрсетіледі. Істің материалдары танысу үшін айыпталушыға беріледі, бұл айыптау хаттамасында оның қойған қолымен куәландырылады. Айыптау хаттамасына сотқа шақырылуға тиісті адамдардың тізімі қоса тіркеледі.

Ерекше іс жүргізу кезінде анықтау органы осы Кодекстің 23-26-баптарына сәйкес сезікті мен айыпталушының қорғану құқығын қамтамасыз етуге міндетті.

423-бап. Ерекше іс жүргізу мерзімдері

Ерекше қылмысты іс жүргізу ол қозғалған кезден бастап он күннен кешіктірілмей прокурордың санкциясымен сотқа жіберіледі.

Ерекше іс жүргізуді он күн мерзімде аяқтауға мүмкіндік бермейтін мән-жайлар пайда болған жағдайда анықтау органы осы Кодекстің жалпы ережелері бойынша анықтау жүргізу туралы дәлелді қаулы шығарады.

424-бап. Анықтау жүргізу

Осы кодекстің 418-бабында көзделген қылмыстар туралы істер бойынша анықтау м ы н а д а й ж а ғ д а й л а р д а :

1) егер жасалған қылмыстың елеулі мән-жайларын он күн мерзімде анықтау мүмкін б о л м а с а ;

2) прокурор не сот ерекше қылмыстық іс жүргізуді сот отырысында анықталуы мүмкін емес елеулі қосымша мән-жайларды анықтау үшін қайтарған кезде жүргізіледі.

Осы бапта көзделген жағдайларда анықтау осы Кодекстің 117-бабында көзделген мерзімде а я қ т а л у ғ а т и і с .

425-бап. Алдын ала тергеу жүргізу

Дене немесе психикалық кемістіктеріне байланысты өзін қорғау құқығын өзі жүзеге асыра алмайтын адамдар немесе кәмелетке толмағандар қылмыс жасаған жағдайларда осы Кодекстің жалпы ережелері бойынша алдын ала тергеу жүргізіледі.

426-бап. Істі сотта қарау

Осы Кодекстің 418-бабында көзделген ерекше жүргізілетін істер сотта осы Кодекстің XXVIII тарауының талаптарын сақтай отырып, іс сотқа келіп түске кезден бастап он төрт күн і мерзімнен кешіктірілмей қаралуға тиіс.

Сот процеске қатысушылардың пікірін анықтап, егер сотталушы өзінің кінәсін толық көлемде, соның ішінде өзіне қойылған қуыным талаптарын мойындайтын болса; анықтау жүргізу барысында Кодекстің осы тарауын процеске қатысушылардың құқықтарына нұқсан келтіретін жолсыздықтарға орын берілмесе; процеске қатысушылар іс бойынша жиналған айғақтардың қатыстылығы мен мүмкіндігіне шек келтірмейтін болса және оларды сот отырысында зерделеуші талап етпесе, осы санаттағы істерді қысқартылған тәртіппен қарауға да құқылы.

Істі сотта қараудың қысқартылған тәртібін сотталушы мен жәбірленушіден жауап алудан тұрады. Соттағы айтыс-тартыстар мен істі қарауды аяқтау осы Кодексте белгіленген ережелер бойынша жүзеге асырылады.

Егер айыпталушыдан немесе жәбірленушіден жауап алу барысында сот отырысында зерделеуді талап ететін айғақтар анықталса, сот тергеуін толық көлемде жүргізу туралы сот қаулы шығара алады.

Егер сот отырысында анықтау мүмкін емес елеулі қосымша мән-жайларды анықтау қажеттігі туындаса, сот анықтау немесе алдын ала тергеу жүргізу үшін істі қайтаруға құқылы. "

Қазақстан Республикасының
Президенті